

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы
білім бөлімінің "Оқушылар сарайы" КМҚК

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізу күні мен уақыты: 30.03.2026 ж., 14-00 сағат. (бейнеконференция режимінде)

Қатысқандар: 9 кісі

Қамқоршылық кеңесінің

төрайымы: Сторожко И.Д.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Кропачева Л.А., Варзаев А.С.,

Гордеева Т.В., Шульгинова Р.В.,

Сагадиева С.С., Зылгарина Ж.Е.,

Гриценко Н.В.

ОС директоры – Шмик И.Э.,

Болмағандар: 1 кісі

Нурпеисова Б.Ж.— дәлелді себеппен

Күн тәртібі:

1. Бейінді техникалық бірлестіктерді құру және қолдау: сыртқы технологиялық алаңдар мен зауыттар базасында үйірмелер мен зертханаларды ұйымдастыру.

2. Әртүрлі

Тындады:

1. Бірінші мәселе бойынша Оқушылар сарайының директоры И.Э.Шмик сөз сөйледі. Ол қатысушыларды «Кәсіптік бағдар беру нетворкингі» стратегиясының іске асырылуымен, атап айтқанда — «QazTehna» ЖШС автобустар, электробустар мен арнайы техника шығаратын зауыты мен «Оқушылар сарайы» КМҚК арасындағы желілік өзара іс-қимыл жобасымен таныстырды: **«QADAM: болашаққа инженерлік маршрут».**

Білім беру процесінің бір бөлігін оқушылардың заманауи жабдықтармен жұмыс істеуі үшін тікелей өндірістік алаңдарға шығару қажеттілігі атап өтілді. Себебі жобаның мақсаты — «QazTehna» ЖШС-нің индустриялық қуаттылықтары базасында 8–9 сынып оқушыларының инженерлік-техникалық мамандықтарға деген тұрақты мотивациясын қалыптастыруға және заманауи машина жасау саласындағы практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған **«Оқушылар сарайы — Өндіріс»** желілік өзара іс-қимылының инновациялық кәсіптік бағдар беру экожүйесін құру болып табылады.

Сөз сөйлегендер

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі С.С.Сагадиева тараптардың ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету қажеттілігіне назар аударды: бұл «QazTehna» ЖШС-нің материалдық-техникалық базасы (цехтар, жабдықтар) және Оқушылар сарайының әдістемелік, педагогикалық базасы (оқыту әдістемелері, тәрбие жұмысы). Сондай-ақ, түлектерді кейіннен серіктес кәсіпорынға жұмысқа орналастыру арқылы бейінді колледждер мен жоғары оқу орындарына түсуге бағыттап отырып, оларды мониторингтеу және сүйемелдеу жүйесін құруды ұсынды.

2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Ж.Е.Зылгарина атап өткендей, «Оқушылар сарайы» КМҚК мен «QazTehna» ЖШС желілік өзара іс-қимылының өзектілігі біртұтас білім беру кеңістігін құруда жатыр. Мұндай ортада мектеп оқушысы пассивті тыңдаушы болудан қалып, өндірістік процестің белсенді қатысушысына айналады. Сондай-ақ, «QADAM» жобасы мектеп бітіргенге дейін оқушыға инженер-конструктор, автоэлектрик немесе СББ (сандық бағдарламалық басқару) жүйелерінің операторы рөлін сезінуге мүмкіндік беретін «кәсіби сынамалар» алаңы ретінде өзекті. Бұл өмірлік жолды таңдау кезіндегі қателіктер қаупін азайтады.

3. Қамқоршылық кеңес мүшесі А.С.Варзаев «QADAM» жобасы тек білім беру бастамасы ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның, білім беру жүйесінің және «QazTehna» ЖШС тұлғасындағы экономиканың нақты секторының мүдделерін біріктіретін Қарағанды облысының өнеркәсіптік саясатының қажетті элементі ретінде өзекті екенін түйіндеді.

Қаулы етті:

1. «QazTehna» ЖШС сыртқы технологиялық алаңдары базасында бейінді техникалық бірлестіктер желісін құру жобасы мақұлдандын.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

 И.Сторожко

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

 Р.Шульгина

 Ж.Зылгарина

Т.Гордеева

Н.Гриценко

Б.Нурпеисова

Л.Кропачева

А.Варзаев

С.Сагадиева

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы

Н.Гилев